

## Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілде N 159 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 906. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 78 Қаулысымен.

Қаулының күші жойылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.09.27 № 78 (4-тармақты қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауындағы және одан әрі мәтін бойынша Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіндегі (бұдан әрі - Ереже) "Аударымдық төлем" деген сөздерден кейін "және ақша аудару" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының төлем жүйесінде ақша қозғалысына жан-жақты талдау жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы қаулы етеді:

1. Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесі бекітілсін және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді өндіріске пайдалануға енгізген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Төлем жүйесі басқармасымен (Мұсаев Р.Н.) бірлесіп осы қаулыны және Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.) осы қаулыны және Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына жіберсін, оларға осы қаулыны және бекітілген Ережені екінші деңгейдегі банктерге жіберуді міндеттесін.

4. Ақпарат технологиясы департаменті (Поликарпов О.Ю.) тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және оның филиалдарына 1999 жылғы IV тоқсанда өндіріске енгізуді қамтамасыз етсін.

5. Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы (Ғалиева Д.Т.) Ақпарат технологиясы департаментімен (Поликарпов О.Ю.) бірлесіп 1999 жылғы бірінші жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері бойынша түзету жасаған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1999 жылғы бюджетінен (шығыстар сметасынан) тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге қажетті ақша қарастырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

#### *Ұлттық Банк Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ            Б а н к і            Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
1 9 9 9            ж ы л ғ ы            3            м а у с ы м д а ғ ы  
N 159 қаулысымен бекітілген

### **Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру**

#### **ережесі**

1. Осы Ереже екінші деңгейдегі банктердің және "Казпочтабанк" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - банктер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйесі бөлімшелеріне (бұдан әрі - бөлімше) аударымдық төлем және ақша аудару (бұдан әрі - төлем айналымын бөлу жөніндегі есеп) тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N 34 қаулысымен.**

**Ескерту. 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.**

2. Банктер төлем айналымын бөлу жөніндегі есептерді осы Ережеге N 1 қосымшаға сәйкес, Ұлттық Банк белгілеген нысандармен және байланыс арналары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ұсынады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N 34 қаулысымен.**

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.**

3. Банктің төлем айналымын бөлу есебін бөлімшеге дұрыс әрі уақтылы тапсыруына жауапкершілік банктің басшысына және бас бухгалтеріне жүктеледі.

**Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N 34**

қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы  
1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
4 - 6 . < \* >

Ескерту. 4, 5, 6-тармақтар алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

7. Аударымдық төлем және ақша аудару тәсілімен төлем айналымын бөлу бойынша есеп Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне және облыстарына қатысты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын төлем құжаттарын және төлемдерді жүзеге асыру тәсілдерін көрсетуге арналған.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

8. Төлем айналымын бөлу есебінде Қазақстан Республикасының аумағында төлемі мен ақша аударымын жүзеге асырудың мынадай әдістері қарастырылуы  
т и і с :

- 1) Төлем тапсырымдары;
- 2) Төлемдік талап-тапсырымдар;
- 3) Чектері;
- 4) Тікелей дебеттеу әдісі;
- 5) < \* >
- 6) Инкассалық нұсқаулар.

Төлем айналымын бөлу бойынша есеп мыналарды пайдалана отырып төлемдер мен ақша аударымдарының санын және сомасын көздеуі тиіс:

- 1) Вексельдер;
- 2) Төлем ордерлері;
- 3) Банктік есепшот ашпай аударым жасау;
- 4) Ақша аударуға арналған өтініш;
- 5) Халықаралық почта аударымдары;
- 6) Аккредитивтер.

Ескерту. 8-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
9 . < \* >

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N 34  
қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 9-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001

жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
9 - 1 . < \* >

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 9-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
9 - 2 . < \* >

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 9-2-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

10. Төлем айналымын бөлу бойынша есеп жасау кезінде әр бағанда орындауға қабылданған құжаттарда көрсетілген саны және сомасы көрсетіледі. Бұл орайда шетел валютасымен орындауға қабылданған құжаттар банктің ақы төлеген кездегі бағамы бойынша теңгемен көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы  
1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
1 1 . < \* >

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N  
3 4 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001  
жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

12. Чектерді пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру тәсілімен есеп жасаған кезде чектер бойынша төлемдердің, оның ішінде есеп айырысу чек кітапшаларының чектері бойынша, кепілдік берілген, жол чектері бойынша чектердің жалпы саны және сомасы көрсетіледі, бұған қолма-қол ақша алуға арналған чектер кірмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001  
жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

13. Банктік есепшотты тікелей дебеттеу тәсілімен төлем жүргізу бойынша есеп жасаған кезде банктік есепшоттың тікелей дебеттеу шартына сәйкес орындалған төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N  
3 4 қаулысымен.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы  
1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.  
1 4 . < \* >

Ескерту. 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

15. Инкассалық нұсқаулар бойынша есеп жасаған кезде банк орындаған инкассалық нұсқаулардың жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

15-1. Вексельдер бойынша есеп жасаған кезде банкте есепке алынған вексельдердің жалпы саны және сомасы, сондай-ақ өтелген вексельдердің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-2. Төлем ордерлері бойынша есеп жасаған кезде орындалған төлем ордерлерінің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-3. Банктік есепшот ашпай аударым жасау бойынша есеп жасаған кезде қолма-қол ақша қабылдау үшін пайдаланылатын есепшот-хабарламалар мен басқа құжаттар, қолма-қол жарнаға берілген түбіртектер, хабарландырулар негізінде банк (филиал) жасаған төлем құжаттарының жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-4. Ақша аударуға арналған өтініштер бойынша есеп жасау кезінде банк қабылдаған және орындаған ақша аударуға арналған өтініштердің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-5. Халықаралық почта аударымдары бойынша есеп жасаған кезде "Western union", "Money gram" жүйелері және басқа да осындай жүйелер бойынша жөнелтілген жіберілетін аударымдар жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 15-5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

15-6. Аккредитивтер бойынша есеп жасау кезінде банк ашқан және орындаған аккредитивтердің жалпы сомасы және сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 15-1 - 15-6-тармақтармен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 15-6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

16. Осы ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 14 ақпандағы  
N 34 қаулысымен бекітілген  
Аударымдық төлем және ақша аудару  
тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде

есеп жасау және есеп беру ережесіне өзгерістер мен толықтыруларға

№ 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.02.14. № 34 қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы № 490 қаулысымен.

**Төлем айналымын бөлу жөніндегі есеп**

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

(есепті кезең)

Банктің

ББК \_\_\_\_\_

Банктің атауы

(бірлігі және мың теңге)

N	Облыстың атауы	Төлем тапсыр. масы	Төлем талап- тапсыр. малары	Чектер	Банктік есепшотты тікелей	Инкас. салық	Төлем ордері өкім. дер
	9	10	11	12	13	14	15
	С	С	С	С	С	С	С
1					А	қ	т
2					ө	б	е
3					А	қ	м
4					о	л	а
5					А	л	м
6					а	т	ы
7					Ш	ы	ғ
8					Қ	а	з
9					а	қ	с
10					Ж	а	м
11					б	ы	л
12					Қ	а	р
13					а	ғ	а
14					Қ	ы	з
					ы	л	о
					Қ	о	с
					т	а	н
					а	й	
					М	а	ң
					ғ	ы	с
					т	а	у
					П	а	в
					л	о	д
					ар		
					С	о	л
					т	ү	с
					т	і	к
					Қ	а	з
					а	қ	с
					т	а	н
					Б	а	т
					ы	с	
					Қ	а	з
					а	қ	с
					т	а	н
					О	ң	т
					ү	с	т
					і	к	
					Қ	а	з
					а	қ	с
					т	а	н
					Барлығы		

таблицаның жалғасы

Вексельдер	Банктік	Ақша	Халық.	Аккредитивтер
	есепшот	аударуға	аралық	

есепке !өтелгені!ашылмаған !өтініштер! почта !ашылғаны! Орын. !  
кабыл. ! !аударымдар! !аударым.! !далғаны !  
данғаны ! ! ! ! дары ! ! !  
\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!\_\_\_\_\_!  
15 ! 16 ! 17 ! 18! 19 ! 20 ! 21 ! 22 ! 23 !24 ! 25 ! 26! 27 ! 28!

С С С С С С С С С С С С С С

Банктің басшысы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)  
Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (аты-жөні)  
Орындаушы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) Тел. \_\_\_\_\_  
Е с к е р т у : С - с а н ы  
С-сомасы

### 1 - қосымшаға ескерту

Төлем айналымын бөлу жөніндегі есепті осы банк филиалдарының тұрған орнында облыстардың шеңберінде банк жүйесі бойынша тұтастай жасау қажет.

### "Төлем тапсырмалары"

Форматтың 3, 4-бағандарында банк орындаған, клиенттің төлем тапсырмаларының жалпы саны мен сомасы және төлемнің бастамашысы банктің өзі болатын төлем тапсырмалары көрсетіледі.

### "Төлем талап-тапсырмалары"

Форматтың 5, 6-бағандарында ақша жіберуші банк орындаған, төлем талап-тапсырмаларының жалпы саны мен сомасы, оған қоса банкке ұсынылған орындалған төлем талап-тапсырмалары көрсетіледі, бұған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі банктің есепшотына ұсынылған төлем талап-тапсырмалары кірмейді.

### "Чектер"

Форматтың 7-бағандарында чек беруші банктің чек ұстаушыға тауар және көрсетілген қызмет үшін төлеген чектерінің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Бұл бағанға сондай-ақ банктің төлемге қабылдаған жол чектерін де көрсету қажет. Шетел валютасымен эмиссияланған жол чектерін осы чектерді төлеу күніндегі банктің теңгемен бағамы бойынша көрсету қажет.

### "Банктік есепшотты тікелей дебеттеу"

Форматтың 9, 10-бағандарында банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру шартына сәйкес банктің жүзеге асырған төлемдерінің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Тиісті төлем құжаттарын пайдалана отырып жүргізілген бұл төлемдер бағандарда көрсетілмейді.

### "Инкассалық өкімдер"

Форматтың 11, 12-бағандарында ақша жіберуші банк төлеген инкассалық өкімдердің, оған қоса банкке ұсынылған орындалған инкассалық өкімдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Бұған банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшотына ұсынған инкассалық өкімдері кірмейді. Банк инкассалық өкімдерді ішінара орындаған кезде инкассалық өкімдердің нақты төленген сомасына төлем құжаттарының санын көрсетеді.

### **" Т ө л е м            о р д е р л е р і "**

Форматтың 13, 14-бағандарында банк орындаған төлем ордерлерінің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

### **" В е к с е л ь д е р "**

Форматтың 15, 16-бағандарында банктің есептеуге қабылдаған вексельдерінің жалпы саны мен сомасы (есептеуге вексель ұсынған тұлғаға төленген сома) көрсетіледі.

Форматтың 17, 18-бағандарында өтелген вексельдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Вексельдерді есептеу және өтеу жөніндегі операциялар тиісті төлем құжаттарын пайдалана отырып жүргізілген бағандарда көрсетілмейді.

### **"Банктік есепшот ашылмаған аударымдар"**

Форматтың 19, 20-бағандарында төлем хабарламасы негізінде банк орындаған төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Банктік есепшот ашпай банк орындаған шетел валютасындағы ақша аударымдарының сомасы ақша аудару күніндегі банктің теңгемен бағамы бойынша көрсетіледі.

### **" А қ ш а            а у д а р у ғ а            ө т і н і ш т е р "**

Форматтың 21, 22-бағандарында банк аударған ақша аударымына өтініштердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Шетел валютасымен орындалған ақша аударымына өтініштерді ақша аудару күніндегі банктің теңгемен бағамы бойынша көрсету қажет.

### **" Х а л ы қ а р а л ы қ            п о ч т а            а у д а р ы м д а р ы "**

Форматтың 23, 24-бағандарында "Western union" "Money gram" жүйелермен және осы сияқты жүйелермен жіберілген халықаралық жіберу аударымдарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

### **" А к к р е д и т и в т е р "**

Форматтың 25, 26-бағандарында есепті кезең ішінде ашылған аккредитивтердің (аккредитив бойынша баланстан тыс есепшотқа кіріске алынған міндеттемелердің және талаптардың) жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Бұл бағанды аккредитив бұйрығын берушінің өтінішіне сәйкес аккредитив ашқан эмитент банк толтырады.

Форматтың 27, 28-бағандарында есепті кезең ішінде орындалған аккредитивтердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Бағанды аккредитивті



орындаған банк толтырады. Бұл төлемдер тиісті төлем құжаттарын пайдалана отырып жүргізілген бағандарда көрсетілмейді. Орындаушы банкке өтем жасау сомасын аудару, бағанда осы кезде пайдаланылатын төлем құжатына сәйкес көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 14 ақпандағы N 34  
қаулысымен бекітілген  
Аударымдық төлем және ақша аудару  
тәсілімен төлем айналымын  
бөлу жөнінде есеп жасау және есеп  
беру ережесіне өзгерістер мен  
толықтыруларға  
N 2 қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 14 ақпандағы N 34  
қаулысымен бекітілген  
Аударымдық төлем және ақша аудару  
тәсілімен төлем айналымын  
бөлу жөнінде есеп жасау және есеп  
беру ережесіне өзгерістер мен  
толықтыруларға  
N 3 қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001.02.14. N 34 қаулысымен.

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 490 қаулысымен.